



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ
20
АСТАНА

ЕУРАЗИЯ
ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ТІҢІМ-ПРЕЗІДЕНТІ - ЕЛДАСЫНЫҢ БОРЫ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

F 96

F 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2018

экономикалық психология ғылымдары айналысады. Нарықтық жүйенің орнығуы мен оның адамдардың ғадетіне әсерін бақылау әлеуметтанушылардың негізгі зерттеу обьектісіне айналды. Қаржылық ғадеттің қалыптасуына индивидтің жеке табысы, еңбекке жарамдылығы сияқты экономикалық факторлардан бөлек жынысы, жасы мен отбасылық жағдайы, қаржы институттарына білдіретін сенім деңгейі және т.б. әлеуметтік факторлар әсер етеді. Экономикалық әлеуметтанудың негізгі мақсаты экономикалық ғадетті қалыптастырытын әлеуметтік себептерді анықтап, түсіндіру. Жаңа экономикалық құндылықтар мен талаптар жүйесінде ғадетті түсіндіруде кешендік сараптаманы қажет етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы//Егемен Қазақстан №4 (01223). 27.01.2017
2. Инвестиции и инновации: Экономический Словарь - справочник от А до Я/ Под ред. Бора М.З., Денисова А.Ю. – М.: «ДИС», 1998, С. 149
3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің статистикалық бюллетені.– 2016. – Т. 98, №11, Қазан. – 9 б.
4. Қазақстанның банктік жүйесі туралы ақпараттық порталы//<http://kazbank.org/credits.php> 22.11.2011
5. Индикаторы уровня бедности из веб-сайта Мирового Банка <http://data.worldbank.org/indicator> 24.03.2014, 28-33 ст.

УДК 622

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Баймахан А.Ж

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
baimakhan.azamat@mail.ru

Ғылыми жетекшісі - Смағамбет Б.Ж.

Қазір елімізде жұмыссыздық деңгейін төмендету, яғни жұмыс бастылықты көтеру мақсатында халықты жұмыспен қамту саясаты жүзеге асырылуда. Осыған байланысты «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарламаны орындау аясында 2016 жылға қарай 1,5 миллион адамды жұмыспен қамту қарастырылуда. Бағдарлама негізінен 4 бағыттан құралған болатын. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметтеріне сүйенсек, бірінші бағыт, яғни білім беру және жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу бойынша, кәсіптік білім беру аясында бүгінде 95,7 мың адам білім алғып, 58,7 мың адам әлеуметтік жұмыс орындарына орналасып, 31 мың адам халықаралық тәжірибеден өтті. 2016 жылы әлеуметтік жұмыс орындарына 27 373 адам орналасса, 2017жылы 20119 370 адам жұмысқа тұрған. Отken жылы уақытша жұмыс орындарынан 21,5 %, 2017 жылы 33,3 % тұрақты жұмысқа орналасты.

Екінші бағыт арқылы, ол дегеніміз ауыл тұрғындарын шағын несиемен қамтамасыз ете отырып, ауыл ішіндегі кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу, 11 мың адам кәсіпкерліктің негізі бойынша білім алған. Былтырғы жылы 6572 бағдарлама қатысушысы 12 млрд. 368,3 млн. теңге көлеміндегі шағын несиемен қамтамасыз етілді. Еңбек ресурстарының тиімділігін арттыруды көздейтін келесі бағыт бойынша 2011-2013 жылдарға 1211 тұрғын үйдің құрылышы жоспарланған. Бүгінде соның 801-нің құрылышы аяқталған. Инфракұрылымды дамыту арқылы халық көп шоғырланған ауылдарды дамыту негізінде 2700 отбасы әлеуеті төмен ауылдардан әлеуметтік - экономикалық даму көрсеткіші жоғары елді мекендерге қоныс аударды. Былтыр төртінші бағыт бойынша «Халық көп қоныстанған ауылдарды дамыту» бағдарламасын іске асыру кезеңі басталған. Нәтижесінде 565 жоба жүзеге асып,

ауылды жерлерде 7,3 мың жұмыс орны ашылыпты. Жұмыспен қамту бағдарламасын іске асыру үшін 169,4 млрд. теңге қарастырылған. Оның 54,5 млрд. теңгесі кәсіптік білім беру ұйымдары мен жұмысқа орналастыруға, 32,9 млрд. теңге кәсіпкерлікті дамытуға, 26,9 млрд. теңге еңбек ресурстарының тиімділігін арттыруға, 42,3 млрд. теңге халық көп шоғырланған ауылдарды дамытуға бөлінген. Негізінен бұл бағдарламаны жүзеге асыратын бірден-бір тиісті мекеме ол – жұмыспен қамту орталықтары. 2011 жылдан бастап еліміздің барлық облыстарында және Астана, Алматы қалаларында «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасын жүзеге асыратын жұмыспен қамту орталықтары құрылған болатын.

Қазіргі кезде Қазақстанда, ресми статистикаға сүйенсек, экономикалық белсенді халық санын 8,8 млн адам құрайды. Қазақстан Республикасындағы жастардың жалпы санынан NEET 15-28 жастағы жастар үлесі 8,2% құрап отыр, ол дегеніміз 2,3 миллионға жуық адам. Оның ішінде ерлердің үлесі 1,233 болса әйел адамының үлесі 1,04 құрап отыр екен. Олардың басым көпшілігі еліміздің онтүстік өңірінде орналасқан.

Сонымен жұмыс іздеген жанға не ұсынылмақ ? Бағдарламада төрт бағытты қамту көзделген :

1. Техникалық-кәсіби біліммен және қысқа мерзімдегі кәсіби оқумен қамтамасыз ету.

Бұл жерде ешқандай мамандық менгермен, білімі мектеп қабырғасынан әрі аспаған адамдарға назар аударылмақ. 2017 жылдың 1 қыркүйегінен Ұлттық бірыңғай тестілеуден өтпеген және оқу орындарына түсеген мектеп түлектері үшін тегін кәсіби және техникалық білім қамтамасыз етілетін болады. Қажетті ережелер қабылданып, ҰБТ-дан өтпеген оқушылардың тізімдері анықталған. 320-ға жуық білім беру ұйымдары мен колледждердің және оқу орталықтарының тізбесі бекітілген. 21 мыңға жуық жас толқын өкілі Бағдарлама есебінен 2,5 жылға, оқуын және шәкіртақысын төлей отырып, сондай-ақ, жол шығынын өтеу, біржолғы ыстық тамақпен қамтамасыз ету арқылы техникалық-кәсіби оқуға жолданады. Оқуын түгескен және жұмысшы мамандығын иеленген жас азаматтарға оқып жатқанның кездің өзінде тұрақты жұмыс табу мүмкіндігі бар.

Тағы бір ескерерлік дүние, ағымдағы жылдың 1 сәуірінен еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер мен дағдылар тұрғысында жұмысшы кадрларды кәсіби оқыту басталды. Бүгінгі таңда қысқа мерзімді курстарға 27,7 мың адам жіберілген. Бұл тұста да өзіне қажет кадрларды даярлауға бейім кәсіпорындар ортақ іске тікелей атсалысады.

2.«Бастау-бизнес» жобасы

Екінші бағыт бизнеспен айналысқысы келетін, дегенмен бастапқы салымды қайдан алатынын білмейтіндер үшін тамаша мүмкіндік. Бұл бағытта жаппай кәсіпкерлікті дамыту мұрат етілген. Біріншіден, кәсібін енді бастағандарға Бағдарлама қатысушыларын кәсіпкерлік дағдыларға оқытуға, бизнес-жобаларын қолдауға арналған «Бастау-бизнес» жобасы іске қосылған. Екіншіден, оқудан өткеннен кейін ауылдық жермен қатар, қалада да шағын несие алуға болады. Шарттары қолжетімді несиенің жоғарғы сомасы 18 млн теңгеге дейін, мерзімі 5 жылға дейін, ал мал шаруашылығымен немесе ауылшаруашылығы кооперативін құрумен айналысқан жағдайда 7 жылға дейін айқындалған және де түпкі қарыз алушыға жылдық несие мөлшерлемесі 6%-дан аспайтындей белгіленген. Кепілдендіру тетігі де енгізілген: бастауыш кәсіпкерлерге 85% және кәсібі қызмет етіп тұрған бизнес иелеріне 50% маңайында. Бүгінде кәсіпкерлік негіздеріне оқытумен 7 834 адам қамтылып, жыл басынан 3 мыңдан астам шағын несие берілген.

3.Бос жұмыс орындарына орналастыру

Үшінші бағыт – назардағы бос жұмыс орындарына орналастыру арқылы еңбек нарығын дамыту. Аталмыш бағыт аясында жұмыссыз және өзін жұмыспен қамтыған жандарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесуде 213 мыңдан астам адам еңбекпен қамтылып, әлеуметтік жұмыс орындарына 18 мың адам, қоғамдық жұмыстарға 61 мыңға жуық адам жіберілсе, 15 мың жас маман жастар тәжірибесіне жолданған. 120 мыңдай азамат болса, жұмыс берушілердегі бос орындарға Жұмыспен қамту орталықтары арқылы тұрғызылған.

4.Жұмыс бар өнірge қоныс аудару

Төртінші бағытта бүгінге дейін елімізде таңсық болған, алайда Еуропа мен АҚШ аумағында табыстылығын дәлелдеген еңбек ресурстарының ұтқырылғы нысанаға алынған. Қарапайым тілмен айтқанда, жұмыс бар өнірге қоныс аудару. Мысалы, Америка үшін адамдардың жұмыс іздел бір штаттан екіншісіне көшуі қалыпты жағдай. Осы орайда ол елде көшкен адамның баспанамен қамтылып, көлік шығындарының жабылуы міндетті емес. Қебінесе жаңа қонысқа орналасқан жандар тұрғын үйден балалары оқытын мектепке дейінгі тұрмыс мәселелерін өздері шешіп жатады. Қазақстанда болса, азаматтар өзгеше жайтқа бой үйреткенше мемлекет қолтықтан демеп жіберуді жөн санап отыр.

Біріншіден, халқы тығыз орналасқан өнірлер анықталып (елдің онтүстігі), кадр тапшылығы байқалған облыстар (солтүстік-орталық аймақтар) ахуалы таразыланды. Екіншіден, көші-қон кезінде қаржылай көмек қарастырылып, адамдардың бастапқы бейімделуі мен жол пұлы, жүк тасымалы сынды шығындар жабылады. Үшіншіден, осы мақсатта өнірараптың бос жұмыс орындары жәрмеңкелері өткізіледі. Биыл көшті қабылдайтын өнірлердегі жұмыс берушілердің атсалысуымен Онтүстік Қазақстан, Маңғыстау және Алматы облыстарында өнірараптың бос жұмыс орындары жәрмеңкелері шымылдығын түріп үлгерді. Төртіншіден, көшу жайлы шешімді жұмыс іздеуші жан өзі дербес қабылдайды, мәжбүрлеп, міндеттеу жок. Қазірде 442 отбасы тұрғылықты жерін ауыстырып, еңбекпен қамтылған. Жұмыссыздық деңгейі 2017 жылдың төртінші тоқсанында 4,1 % құрап, 2016 жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 0,2% аз екенін аңғартты. 15-28 жас аралығындағы жас буынға қатысты жұмыссыздық 0,5% азайса, әйелдер арасында 0,2% төмендеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://www.enbek.kz/docs/kk/taxonomy/term/140>
2. http://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/kazakhstan-presidenti-nursultan-nazarbaevtyn-prezidenttin-bes-aleumettik-bastamasy-atty-halykka-undei
3. <https://egemen.kz/article/zhumyspen-kamtu>
4. <https://baribar.kz/33651/zhumyssydzardy-zhumyspen-qamtu-maselesi-qalay-sheshilip-zhatyr/>
5. [#%40%3F_afrLoop%3D6611979894428571%26_adf.ctrl-state%3Dzd5owuz35_38">http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersLabor?_afrLoop=6611979894428571%26_adf.ctrl-state%3Dzd5owuz35_38](http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersLabor?_afrLoop=6611979894428571)
6. <https://www.facebook.com/www.enbek.kz>
7. <http://www.enbek.gov.kz/kk/node/122494>

УДК 343

СУИЦИД – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢ БАСТЫ ПРОБЛЕМАСЫ РЕТИНДЕ

**Балтабай Ережеп,
Жолдасым Айдын
Baltabay.jr@mail.ru**

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, әлеуметтік жұмыс мамандығының 3 курс студенттері

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Жусупова Г. М.

Қазақстан Республикасының Конституциясының бірінші бабының бірінші тармағында - Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Бірақ та бүгінде Конституцияның осы бір бабының салмағы бар ма? - деген сұраққа жауап беру қыын болып табылады. Себебі еліміздегі негізгі проблемаларға қарап, олардың қаншалықты шешіліп жатқандығына назар салсақ жағамызды